	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1 / 15



«БЕКІТЕМІН»

Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы қабылдау
комиссиясының төрағасының у.м.а.

Ш.Ергөбек

(2026 жылғы 30 сәуірдегі

№10 Ғылыми кеңес хаттамасы)

**МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**
**«7M02169 – СӘН ЖӘНЕ КОСТЮМ ДИЗАЙНЫ» БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША**

Алматы, 2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2 / 15

1. ӘЗІРЛЕНДІ

Володева Н.А. – өнертану кандидаты, «Сән және костюм дизайны» кафедрасының доценті

2. ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Сән және костюм дизайны» кафедрасының отырысында
№ 9 хаттама, «06» сәуір 2026 ж.

«Сән және костюм дизайны»
кафедрасының меңгерушісі



Жумағалиев М.С.

3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор




Халыков К.З.

Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы



Кульшанова А.А.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3 / 15


Магистратураға қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білімнің алдыңғы сатысы (бакалавриат) бағдарламаларының көлемінде қалыптастырылған.

«7М02169 – Сән және костюм дизайны» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға төмендегі бағыттар бойынша білім алған тұлғалар жіберіледі:

- 6B02197 – Сән және костюм дизайны
- 6B02189 – Сән және костюм дизайны
- 6B02141 – Сән және костюм дизайны
- 6B02108 – Сән және костюм дизайны
- 6B02123 – Сән және костюм дизайны
- 6B02103 – Сән дизайны
- 6B02124 – Сән дизайны
- 6B02111 – Сән дизайны
- 6B02118 – Сән дизайны
- 6B02170 – Сән дизайны
- 6B02103 – Киім дизайны
- 5B041000 – Сценография
- 6B02103 – Сала бойынша және таңдалған бағыт бойынша дизайн, суретші-дизайнер
- 6B02111 – Fashion индустриясы
- 6B02101 – Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн

Басымдық мына тұлғаларға беріледі:

- бейіні бойынша кәсіби (практикалық) және/немесе ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғаларға;
- бейін бойынша ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми-зерттеу жұмыстар конкурстарының жүлдегерлері мен лауреаттарына;
- сән және костюм дизайны саласындағы халықаралық және республикалық фестивальдердің, конкурстардың, олимпиадалардың марапаттары бар тұлғаларға (жүлдегерлерге, дипломанттарға, лауреаттарға);
- сән және костюм дизайны саласындағы елеулі шығармашылық жобалардың авторлары мен тең авторларына;
- шет тілін еркін немесе жоғары деңгейде меңгерген тұлғаларға.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4 / 15

I. «7M02169 – СӘН ЖӘНЕ КОСТЮМ ДИЗАЙНЫ» МАГИСТРАТУРА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

I. 1. Магистратураға түсушінің іргелі кәсіби даярлығы болуы, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі, қазіргі практикалық мәселелерді тұжырымдап, шеше алуы тиіс.

Түсінігі болуы керек:

- өзінің болашақ кәсібінің мәні мен әлеуметтік маңызы, қызметінің нақты саласын айқындайтын пәндердің мәні және олардың тұтас білім жүйесіндегі өзара байланысы туралы;
- Қазақстан мен шетелдердің көркемдік және материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктері, сән мен дизайн тарихы, дәстүрлі және тарихи костюм туралы;
- ғылыми зерттеудің негізгі және инновациялық әдістері, ғылыми дереккөздермен жұмыс істеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету туралы;
- костюм дизайны мен жеңіл өнеркәсіптің даму перспективалары туралы.

Білуі керек:

- өнердің әртүрлі түрлері мен жанрларында дәстүрлі және заманауи техникаларды, материалдар мен құралдарды қолдана отырып бейнелер мен образдар жасаудың жалпы заңдылықтары мен әдістерін; киім дизайны саласындағы объектілерді жобалау үдерісіндегі композициялық тәсілдердің рөлін;
- костюм композициясын құру мен костюм формасын қалыптастырудың негізгі теориялары мен әдістерін;
- даярлау бейіні бойынша өзекті ғылыми мәселелер мен проблемаларды, кәсіби қызметтің сабақтас салаларының перспективалары мен өзара байланысын;
- заманауи сән индустриясы мен костюм дизайнының даму ерекшеліктерін.

Кәсіби қызмет саласындағы әдіснаманы және мамандандырылған терминологияны меңгеруі керек;

- дизайн-жобаға қойылатын талаптарды талдап, айқындай алу, міндеттердің ықтимал шешімдері мен дизайн-жобаны орындау тәсілдерінің жиынтығын синтездеу, концептуалдық және шығармашылық тәсілге негізделген жобалық идеяны әзірлеу қабілеті болуы;
- жобалық қызметте заманауи техникамен жұмыс істеу дағдылары болуы, ақпараттық технологияларды пайдалана алуы;
- композиция, сурет және кескіндеменің көркемдік-экспрессивтік

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 5 / 15

құралдарын еркін әрі шығармашылықпен меңгеруі;

- графикалық тілдің әртүрлі құралдары арқылы графикалық бейнелер жасаудың алуан түрлі техникалары мен тәсілдерін меңгеруі;

- тоқыма өндірісінің технологиясы, маталардың құрылымы мен қасиеттері, олардың киім дайындау үдерістеріне әсері, тігін материалдарының сапасы туралы білімінің болуы; әртүрлі киім модельдерін жобалауға арналған материалдарды іріктеу дағдыларын меңгеруі;

- киім бөлшектерін жазықтықта құрастыру және конструктивтік модельдеу әдістерін, әйелдер, ерлер және балалардың иықтық және белдік киімдерінің әртүрлі конструкциялары бойынша сызбаларды есептеу мен тұрғызу әдістемесін меңгеруі;

- сән және костюм дизайны саласындағы ғылыми және шығармашылық ізденіс әдістерін меңгеруі.

Құзыретті болуы керек:

- киім дизайны, костюм және сән теориясы мен тарихы мәселелерінде;
- сәндегі өзекті үрдістер, киім дизайнының стильдері мен бағыттары мәселелерінде;


- киім технологиясы, конструкциясы және материалда дайындау бойынша.

2. Қабылдау емтиханы «Магистратура және PhD докторантураға қабылдау туралы ережеге» сәйкес мыналарды қамтиды:

- Коллоквиум (билеттер бойынша ауызша емтихан).
- Эксперименттік-зерттеу жобасын қорғау.

Эксперименттік-зерттеу жобасы талапкер таңдаған, «Сән және костюм дизайны» даярлау бағытына сәйкес келетін тақырып бойынша алдын ала орындалады.

II. Коллоквиум сұрақтарының тақырыптары «Сән және костюм дизайны» білім беру бағдарламасының базалық және бейіндеуші пәндер кешені негізінде пәнаралық сипатта қалыптастырылған. Дайындыққа арналған пәндер қатарына: «Костюмді жобалау», «Әлемдік костюм тарихы», «Мода тарихы мен теориясы», «Қазақ костюмінің тарихы» пәндері кіреді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	30.04.2026 ж.
		Бет 6 / 15

III. ПӘНДЕР АТАУЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ, ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДЫҚ СҰРАҚТАРЫ (БЕЙІНДІК БАҒЫТ)


1. «Костюмді жобалау»

Пәннің мазмұны

1. Кіріспе. Өнер теориясының негіздері: өнер түрлері, жанрлары, салалары
2. Костюм композициясын құру мен үйлестірудің негізгі қағидалары.
3. «Киім» және «костюм» ұғымдары. Киімнің ассортименттік топтары.
4. «Топтама» көркемдік жүйе ретінде (әртүрлі типтегі және мақсаттағы киім үлгілерінің топтамасын жобалау). Топтама белгілері. Топтама элементтерін біріктіретін факторлар.
5. Костюмді жобалаудың заманауи әдістері.
6. Заманауи костюм дизайнының тұжырымдамалары.

«Костюмді жобалау» пәнінің сұрақтары

1. Костюм композициясының бейнелеу құралдары.
2. Костюмдегі «пішін» және «силуэт» ұғымдары.
3. «Киім» және «костюм» ұғымдарының түбегейлі айырмашылықтары.
4. Костюм композициясындағы ою-өрнек. Ою-өрнек түрлері және ою-өрнектік композициялар.
5. Костюм композициясындағы көркемдік-әсерлеу құралы ретіндегі симметрия. Жазықтықтағы бейнедегі симметрия түрлері.
6. Костюм композициясындағы көркемдік-әсерлеу құралы ретіндегі асимметрия
7. Костюм композициясындағы доминанта.
8. Костюм композициясындағы контраст, нюанс және тепе-теңдік (тождество).
9. Костюм композициясындағы визуалды иллюзиялар.
10. Костюм композициясындағы түстің рөлі. Түстік үйлесімдерінің түрлері.
11. Түс типтері теориясы және оны костюм дизайнында қолдану қағидағтары.
12. Костюмді жобалаудың шығармашылық қайнар көздері.
13. Ассоциация мен стильдеу – костюмді жобалаудағы шығармашылық ізденіс әдістері ретінде.
14. Костюм композициясын құруда ырғақтық және метрлік қатарларды қолдану.
15. Костюмді жобалаудағы трансформация әдісі.
16. Костюмді жобалаудағы деконструкция әдісі.
17. Костюмді жобалаудың комбинаторлық-вариативтік әдісі.
18. Киімнің ассортименттік топтары. Киімнің ассортименттік топтарын

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 7 / 15

айқындайтын факторлар.

19. Әртүрлі жас топтарына арналған балалар киімі модельдерін жобалау қағидаттары.
20. Киім үлгілерінің өнеркәсіптік коллекциясын жобалаудың негізгі қағидаттары.
21. Киім үлгілерінің концептуалдық коллекциясын жобалаудың негізгі қағидаттары.
22. Костюм формасын қалыптастырудың қабықтық және қаңқалық жүйелері.
23. Стандартты емес дене бітіміне арналған киім модельдерін жобалау ерекшеліктері.
24. Шығармашылық алғашқы дереккөз негізінде костюмнің көркем бейнесін іздеу әдістері.
25. Сән индустриясы нарығының сегменттері.
26. Киім үлгілері топтамасының жобалау кезеңдері.
27. Заманауи сәннің өзекті тенденциялары мен трендтері.
28. Заманауи костюм дизайнындағы концептуалдық бағыттар.
29. Заманауи костюм дизайнындағы тұрақты сән тұжырымдамасы.
30. Заманауи костюм дизайнындағы ресайклинг.


Ұсынылған әдебиеттер

1. Бруард К. Костюм: стиль, форма, функция. Библиотека журнала «Теория моды». – Издательство «Новое литературное обозрение», 2018. – 152 б.
2. Васильева Е.В. Теория моды: Миф, потребление и система ценностей. М.: Пальмира, 2023. – 387 б.
3. Ермилова Д.Ю., Теория моды. – М.: Юрайт, 2023. – 177 б.
4. Ермилова В.В., Ермилова Д.Ю., Ляхова Н.Б., Попов С.А. Композиция костюма. – М.: Юрайт, 2024. – 450 б.
5. Козлова Т. В. Основы теории проектирования костюма. – М.: Инфра-М, 2024. – 262 б.
6. Сафина Л.А., Тухбатуллина Л.М., Хамматова В.В. Проектирование костюма. Учебник. – «Инфра-М», 2017. – 240 б.
7. Сафина Л.А., Тухбатуллина Л.М., Хамматова В.В., Абуталипова Л.Н. Основы композиции (в проектировании костюма). – «Инфра-М», 2024. – 215 б.

2. «Дүниежүзілік костюм тарихы», «Сән тарихы мен теориясы»

Пәннің мазмұны


1. Киімнің пайда болуы және оның негізгі функциялары.
2. Ежелгі дүние костюмі.
3. Ежелгі Грекия мен Рим костюмі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	30.04.2026 ж.
		Бет 8 / 15

4. Византия костюмі.
5. Еуропалық ортағасыр костюмі.
6. Үндістан және араб әлемі костюмі.
7. Қытай, Жапония, Корея және Моңғолия костюмі.
8. Қайта өрлеу дәуіріндегі Батыс Еуропа костюмі.
9. XVII-XVIII ғасырлардағы Батыс Еуропа костюмі.
10. XIX ғасыр костюмі.
11. XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі костюм.
12. XX ғасыр сәні.
13. XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі сән.

**«Дүниежүзілік костюм тарихы»,
«Сән тарихы мен теориясы» пәндерінің сұрақтары**

1. Киімнің шығу тегі. Киім түрлері.
2. Киімнің негізгі қызметтері.
3. Ежелгі Мысыр костюмі.
4. Ассирия және Вавилон костюмі.
5. Минойлық Крит костюмі.
6. Ежелгі Грекия костюмі.
7. Ежелгі Рим костюмі.
8. VI-XIV ғасырлардағы Византия костюмі.
9. Қиыр Шығыс елдерінің дәстүрлі костюмі.
10. Орталық Азия мен Қазақстанның ортағасырлық мемлекеттерінің дәстүрлі костюмі.
11. Үндістанның дәстүрлі костюмі.
12. Араб Шығысының дәстүрлі костюмі.
13. Романдық стилдегі Батыс Еуропа костюмі.
14. Готика стиліндегі Батыс Еуропа костюмі.
15. Ерте Қайта өрлеу дәуірінің еуропалық костюмі.
16. Жоғары және кейінгі Қайта өрлеу дәуірінің еуропалық костюмі.
17. Барокко стиліндегі еуропалық костюм.
18. Рококо стиліндегі еуропалық костюм.
19. Амбир стиліндегі еуропалық костюм.
20. Бидермайер стиліндегі костюм.
21. Екінші рококо стиліндегі костюм.
22. Киімнің қаңқалық формалары. Фижмалар, кринолин, турнюр: генезисі мен эволюциясы.
23. Өнеркәсіптік революцияның киім өндірісіне ықпалы.
24. Модерн стиліндегі костюм.
25. Ар-деко стиліндегі костюм.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9 / 15

26. XX ғасыр сәніндегі стильдік бағыттар.
27. 1930-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер.
28. 1940-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер.
29. 1950-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер.
30. 1960-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер.
31. 1970-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер.
32. 1980-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер мен брендтер.
33. 1990-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер мен брендтер.
34. 2000-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер мен брендтер.
35. 2010-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер мен брендтер.
36. 2020-жылдар сәні. Стильдік ерекшеліктері. Белгілі дизайнерлер мен брендтер.
37. Қазақ КСР-інің суретші-модельерлері.
38. Тәуелсіз Қазақстанның 1990-2000 жылдардағы суретші-модельерлері.
39. 2010–2020 жылдардағы қазақстандық костюм дизайнерлері.
40. Қазақ костюмі дәстүрлерінің заманауи сәнге ықпалы.


Ұсынылған әдебиеттер

1. Бруард К. Костюм: стиль, форма, функция. Библиотека журнала «Теория моды». – Издательство «Новое литературное обозрение», 2018. – 152 б.
2. Васильева Е.В. Теория моды: Миф, потребление и система ценностей. М.: Пальмира, 2023. – 387 б.
3. Ермилова Д.Ю., Теория моды. – М.: Юрайт, 2023. – 177 б.
4. Комиссаржевский Ф. История одежды и моды от древних времен до XIX века. М.: Вече, 2022. – 336 б.
5. Коул Дэниел Джеймс, Дейл Нэнси. История моды. С 1850-х годов до наших дней. – М.: Бомбора, 2024. – 480 б.
6. Тарабукин Н.М., Очерки по истории костюма. – М.: ГИТИС, 2020. – 152 б.

3. «Қазақ костюмінің тарихы»

Пәннің мазмұны

1. Қола дәуірінің костюмі (б.з.д. III мыңжылдықтың соңы - II мыңжылдық). Андрон кезеңі.
2. Темір дәуірінің костюмі (б.з.д. I мыңжылдық). Сақ киімінің ерекшеліктері.
3. Кейінгі темір дәуірінің костюмі. Үйсіндер, сарматтар, қаңлылар, ғұндар киімінің ерекшеліктері.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10 / 15


4. Ежелгі түркі дәуірінің костюмі (VI-VIII ғғ.).
5. Орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің костюмі.
6. XII - XIII ғасыр басындағы моңғолдар костюмі.
7. XV-XVIII ғасырлардағы Орталық Азия мен Қазақстан костюмі.
8. XIX - XX ғасыр басындағы Орталық Азия мен Қазақстан костюмі.
9. Қазақ ұлттық ерлер костюмінің кешені.
10. Қазақ ұлттық әйелдер костюмінің кешені.
11. Қазақтардың үйлену тойы костюмі дәстүрлері.
12. Орталықазиялық жауынгерлік костюм.
13. Қазақ ұлттық ою-өрнегі.
14. Материалдар, маталар, әшекейлеу тәсілдері, кесте түрлері.

«Қазақ костюмінің тарихы» пәнінің сұрақтары


1. Қазақстан аумағындағы Андрон мәдениеті кезеңінің костюмі.
2. Қазақстан аумағындағы скиф-сақ дәуірінің костюмі.
3. Орта ғасырлар дәуіріндегі түркі костюмі.
4. XV-XVIII ғасырлар кезеңіндегі дәстүрлі қазақ костюмінің генезисі.
5. Дәстүрлі қазақ костюмінің генезисі: XIX-XX ғасырлардағы костюмдегі өзгерістер.
6. Дәстүрлі қазақ әйелдер костюмі. Түрлері, пішіндері, пішімі, түс гаммасы.
7. Дәстүрлі қазақ киімінің пішу қағидаттары.
8. Қазақ әйелдерінің бас киімдерінің түрлері.
9. Қазақ ерлерінің бас киімдерінің түрлері.
10. Қазақ ұлттық әйелдер костюміндегі жас ерекшеліктері.
11. Дәстүрлі қазақтың үйлену той костюмінің кешені.
12. Қазақ ұлттық костюміндегі маталар мен материалдар.
13. Қазақ ұлттық костюміндегі әрлеу түрлері мен тәсілдері.
14. Қазақ ұлттық ою-өрнегі: түрлері мен символикасы.
15. Қазақ ұлттық костюміндегі түс символикасы.
16. Дәстүрлі қазақ костюмінің семантикасы мен символикасы.
17. Дәстүрлі қазақ костюміндегі зергерлік әшекейлер.
18. Дәстүрлі қазақ аяқ киімі: түрлері, материалдары және әрленуі.
19. Заманауи қазақстандық костюм дизайнерлері.
20. Дәстүрлі қазақ костюмі заманауи костюм дизайнерлерінің шығармашылық қызметінің дереккөзі ретінде.

Ұсынылған әдебиеттер

1. Қазақ қолөнері. Каталог. Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер мұражайы. – Алматы: Abdi Company, 2010. – 436 б.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11 / 15

2. Казахи. История и культура. – Алматы: Abdi Company, 2018. – 800 б.
3. Большой атлас истории и культуры Казахстана. – Алматы: Abdi Company, 2018. – 880 б.
4. Культура и быт казахов. Альбом рисунков В. Н. Плотникова 1859–1866 годов. Из собрания Российского этнографического музея. - Алматы: АО «АБДИ Компани», 2021. - 254 б.
5. Ювелирное искусство Казахстана XIX-XX вв. Каталог. Государственный музей искусств им. А. Кастеева. – Алматы: ГМИИ им. А. Кастеева, 2008. – 303 б.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	30.04.2026 ж.
		Бет 12 / 15

IV. ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР


Ұсыну форматы: 15-20 слайдтан тұратын презентация. Жоба көрсетілген ретпен келесі бөлімдерді қамтуы тиіс. «Негізгі блок» бөлімдері бағалау кезінде басты болып саналады. 8-13-слайдтар (эксперименттік және жобалық бөлім) - бағалаудың негізгі критерийі. Түпнұсқалық эксперименті немесе дербес визуалды қатары жоқ жобалар жалпы балға қарамастан келесі кезеңге жіберілмейді.

Схемалар, диаграммалар, инфографика болуы құпталады. Авторлық визуалды материалдардың (эскиздер, фотосуреттер, 3D-модельдер) болуы міндетті. Сілтеме көрсетілмеген бөтен коллекциялардың көшірмелеріне тыйым салынады.

Титулдық слайдтан кейін мазмұнның болуы талап етіледі (өзектілікпен бір слайдта беруге болады).

1. Презентацияның міндетті құрылымы

№	Бөлім	Мазмұны	Мәртебесі
1	Титулдық слайд	Т.А.Ә., жоба тақырыбы, ББ бағыты, ғылыми жетекші (анықталған болса), жылы	Міндетті
2	Жобаның өзектілігі мен мәселесі	Тақырып таңдауды негіздеу, мәселені тұжырымдау; сән индустриясы үрдістерімен байланысы	Міндетті
3	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері	Нақты тұжырымдалған бір мақсат; 4-6 нақты міндет	Міндетті
4	Зерттеу объектісі мен пәні	Объектіні (құбылыстар саласы) және пәнді (зерттеудің нақты аспектісі) ажырату	Міндетті
5-6	Әдебиеттер мен аналогтарға шолу	5-10 өзекті дереккөзді талдау (7 жылдан ескі емес); шетелдік және отандық тәжірибе	Міндетті
7	Әдіснама	Зерттеу әдістері: теориялық, эксперименттік, визуалды-аналитикалық, прототиптеу	Міндетті
8-10	Концептуалдық шешім / Эксперименттік бөлім	Идея, эскиздер, мудбордтар, материалдар; прототиптер, тесттер, нәтижелер; салыстырмалы талдау	Негізгі блок


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі		Бет 13 / 15

11–13	Жобалық шешімнің визуалды қатары	Коллекцияның / бұйымның финалдық эскиздері; конструктивтік шешімдер; технологиялық карталар; 3D-визуализация (бар болған жағдайда).	Негізгі блок
14	Жаңалығы және практикалық маңыздылығы	Авторлық үлестің мәні; өндіріске / білім беруге / индустрияға енгізу әлеуеті	Міндетті
15	Қорытындылар және перспективалар	Әр міндет бойынша қысқаша қорытындылар; магистрлік жұмыс аясындағы әрі қарайғы зерттеу бағыттары	Міндетті
16–19	Қосымшалар (қажет болған жағдайда)	Қосымша фотосуреттер, кестелер, сауалнама нәтижелері, патенттік талдау, глоссарий	Қалауы бойынша
20	Дереккөздер тізімі	Кемінде 10 дереккөз; ГОСТ 7.0.5-2008 немесе АРА 7th; шетелдік дереккөздерді қоса алғанда (түпнұсқа тілінде)	Міндетті

2. Басым тақырыптық бағыттар

1. Қазақстан мен Орталық Азияның мәдени мұрасы. Ұлттық костюмді қайта пайымдау; заманауи дизайндағы көшпелі мәдениет архетиптері.
2. Жобалаудағы цифрлық технологиялар. CLO3D / Marvelous Designer / Style3D, цифрлық сән, NFT-коллекциялар, метаверс және виртуалды образдар, генеративті нейрожелілер.
3. Тұрақты сән және экодизайн. Upcycling, биоматериалдар, пішімнің нөлдік қалдығы, slow fashion, GOTS/OEKO-TEX сертификаттауы.
4. Инклюзивті және адаптивті сән.
5. Инновациялық және smart-материалдар. Технотөқыма, e-textile, термореттеуші талшықтар, биотехнологиялық былғары, сәндегі 3D-баспа.
6. Кино мен сценографиядағы костюм. Экрандық/сахналық кейіпкер образын әзірлеу әдіснамасы; кинодағы тарихи және ұлттық костюм.

Бағыттарды біріктіруге рұқсат етіледі (мысалы: «Қазақ ұлттық костюмін жобалаудағы цифрлық құралдар»). Халықаралық сән индустриясы мен костюм дизайнының өзекті үрдістерімен байланысын міндетті түрде көрсету қажет.


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	30.04.2026 ж.
		Бет 14 / 15

3. Жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

Параметр	Талаптар
<i>Слайд және макет</i>	<ul style="list-style-type: none"> – 16:9 форматы, ажыратымдылығы 1920×1080 рх-тен төмен емес. – Барлық слайдта бірыңғай шаблон. – Слайдтарды нөмірлеу міндетті. – Бір слайдта мәтін 60 сөзден аспауы керек. – Әр жағынан өріс кемінде 1,5 см.
<i>Типографика</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Тақырып: 28-32 pt, жартылай қалың. – Тақырыпша: 20-24 pt. – Негізгі мәтін: 16-18 pt. – Қаріп гарнитуралары 2-ден аспауы керек. – Мәтіннің фонға контрастылығы $\geq 4,5:1$.
<i>Визуалды контент</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Кескіндер ажыратымдылығы ≥ 150 dpi. – Барлық фотосуреттер мен иллюстрацияларда авторлық көрсетілуі тиіс; сілтемесіз бөтен жұмыстарды пайдалануға тыйым салынады. – Жеке эскиздер жоғары сапада. – Мудбордтар.
<i>Түс және стиль</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Түс палитрасы - 2-4 базалық түс. – Рәсімдеудің бірыңғай визуалды стилі. – Ақ немесе бейтарап фон; ала-құла фондардан аулақ болу. – Презентацияның авторлық стилі құпталады. – Қаріптер оқылымды болуы тиіс.
<i>Ғылыми аппарат</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Мәтіндегі дереккөздерге сілтемелер (нөмірі квадрат жақшада). – Дереккөздер тізімі - соңғы слайдта. – Кемінде 10 дереккөз, олардың ≥ 3-еуі шет тілінде. – Дереккөздер негізінен 2018 жылдан ескі болмауы керек.
<i>Файлдарды ұсыну</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Екі формат: .pptx және .pdf. – Файл атауы: Тегі_Аты_Жоба атауы_2026. – Архив көлемі - 50 МБ-тан аспайды. – Қаріптер файлға кірістірілген (embedded fonts).

4. Бағалау критерийлері

Критерий	Сипаттамасы	Пайыздар
<i>Тақырыптың өзектілігі</i>	Заманауи үрдістерге сәйкестігі, таңдаудың негізділігі	15
<i>Ғылыми негізділік</i>	Мақсат, міндеттер, гипотезаны қоюдың дұрыстығы; әдіснаманың сапасы	20

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 15 / 15

Эксперименттік бөлім	Тәжірибенің түпнұсқалығы, қорытындылардың негізділігі, дербестік	25
Визуалды қатар және эскиздер	Графиканың кәсіби деңгейі, көркемдік-концептуалдық шешімдердің сауаттылығы.	20
Рәсімдеу және құрылым	Талаптарға сәйкестігі, оқылымдылығы, стиль бірлігі.	10
Дереккөздік база	Әдебиеттер тізімін рәсімдеу сапасы мен өзектілігі, дәйексөз келтірудің дұрыстығы.	10
БАРЛЫҒЫ %		100

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Бруард К. Костюм: стиль, форма, функция. Библиотека журнала «Теория моды». – Издательство «Новое литературное обозрение», 2018. – 152 б.
2. Васильева Е.В. Теория моды: Миф, потребление и система ценностей. М.: Пальмира, 2023. – 387 б.
3. Ермилова Д.Ю., Теория моды. – М.: Юрайт, 2023. – 177 б.
4. Ермилова В.В., Ермилова Д.Ю., Ляхова Н.Б., Попов С.А. Композиция костюма. – М.: Юрайт, 2024. – 450 б.
5. Козлова Т. В. Основы теории проектирования костюма. – М.: Инфра-М, 2024. – 262 б.
6. Коул Дэниел Джеймс, Дейл Нэнси. История моды. С 1850-х годов до наших дней. – М.: Бомбора, 2024. – 480 б.
7. Сафина Л.А., Тухбатуллина Л.М., Хамматова В.В. Проектирование костюма. Учебник. – «Инфра-М», 2017. – 240 б.
8. Сафина Л.А., Тухбатуллина Л.М., Хамматова В.В., Абуталипова Л.Н. Основы композиции (в проектировании костюма). – «Инфра-М», 2024. – 215 б.
9. Тарабукин Н.М., Очерки по истории костюма. – М.: ГИТИС, 2020. – 152 б.
10. Казахи. История и культура. – Алматы: Abdi Company, 2018. – 800 б.
11. Большой атлас истории и культуры Казахстана. – Алматы: Abdi Company,